

КРИОГЕНДІ ТЕМПЕРАТУРАЛАРДЫ ӨЛШЕУДЕ КЕДЕРГІ ТЕРМОМЕТРЛЕРІН ҚОЛДАНУ

Төлепберген А.Г., Жексен Ү.Ж., Жуман Г.Б.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы

Кедергі термометрлерінің көмегімен температураны өлшеу таза металдардың кедергісінің температуралық өлшеуділігіне негізделген. Бұл тәуелділік келесі формуладан көрінеді:

$$R_T = R_0(1 + \alpha T)$$
$$T = \frac{R_T - R_0}{\alpha R_0}$$

Дәл термометрлік өлшеулер үшін температура өзгерісімен кедергісі шамамен пропорционал өзгеретін таза металдар қолдануға ынғайлы болып табылады. Төменгі температуруалық өлшеулер үшін платина жиі қолданылады, ал мыс, индий, қорғасын және басқа таза металдар сирек қолданылады [1].

Кедергілік платина термометрі - 10,0 К температуралық өлшеулер жүргізетін сенімді күралдардың бірі. Платиналық термометрді дайындау кезінде қолданылып отырған платинаның тазалығы мен термометр сымында сашқандай механикалық ақаулардың болмауы аса маңызды. Термометрлік платинаның тазалығы мен дайындау сапасының көрсеткіші 100 және 0°C температуруалардағы кедергісінің қатынасы болып табылады [2]. Бұл қатынас таза платинаның сн жақсы үлгілері үшін $R_{100}^{\circ}\text{C}/R_0^{\circ}\text{C}=1,3927$ -ге тең, құрамында коспа болса, бұл шама төмендейді. Әдетте термометрді дайындау үшін эмальмен оқшауланған жұқа мыс сым (диаметрі шамамен 0,05 мм) пайдаланылады. Сым БФ клейнің қабатымен қапталған каркаска – жұқа қабырғалы мыс түтікшінің кесіндісіне бифилярлы оралады.

Тәжірибелік термометрия максаттарында төмен температуруалар саласында негізінен кедергі термометрлері қолданылады (20,0 К дейін – мыс; сутегі және гелий температуруаларында – 1,0 мК дейін – кедергісі температура төмендегендеге артатын коміртекті). Сонымен катар таза германидан жасалған термометрлер де қолданылады. Тұрақтылығының жоғарылығы және жеткілікті сезімталдығы оларды 100,0 К төмен температураны өлшеу кезінде ынғайлы күрал ретінде қолдануға негіз болады.

13,0 К төмен температуруаларды өлшеу үшін негізінен германий кедергі термотурледіріштері қолданылады. Олар 0,1 – 300,0 К аралығындағы температураны өлшеуге арналған. Олар көп құрамды легирлеумен кристалл германиден жасалынады. Германидің кедергісі температура төмендегендеге артады және гелий температурасында жүзделген және мындаған Ом-мен өлшенеді. Осы температуруалар кезінде түрлендіру коэффициенті 102,0÷103,0 Ом/К құрайды. Сериялық германий кедергі термотурледіріштерінің рұқсат етілген көтөлігі 0,05÷0,1 K [3].

Пайдаланылған әдебиет:

- [1] Дробышев А.С., Алдияров А.У., Төменгі температуруалық тәжірибелер техникасы, Алматы 2015. – 996.
- [2] Олейник Б.Н. «Приборы и методы температурных измерений», Издательство стандартов, 1997. – 365 с.
- [3] Геращенко О.А. Температурные измерения. Справочник. Киев: Наука думка, 1999. – 250 с.